

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 911 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 9, 91-құжат; 2001 ж., N 4, 23-құжат; 2002 ж., N 1, 3-құжат; N 17, 155-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2 - б а п т а :

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Статистикалық жұмыстар жоспары - мемлекеттік статистикалық байқаулар мен статистикалық байқауларға байланысты басқа да статистикалық жұмыстарды жүргізудің жылдық жоспары бар ресми құжат;"

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Ұлттық санақ - белгілі бір уақыт кезеңіндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының барлық аумағы бойынша зерттеуге жататын барлық жеке және заңды тұлғаларды статистикалық байқау. Уәкілетті орган Статистикалық жұмыстар жоспарынан тыс жүргізеді.";

2) 3 - б а п т а :

т ө р т і н ш і б ө л і к т е :

"жеке тұлғалардың" деген сөздерден кейін "Ұлттық санақты және Статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген мемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізу кезінде" деген сөздермен толықтырылсын;

"Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда" деген сөздер алынып тасталсын;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Ғылым және қоғамдық ұйымдардың өкілдері Статистикалық жұмыстар жоспарын алдын ала талқылағаннан кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

3) 8-баптың үшінші бөлігінде "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда" деген сөздер "мемлекеттік статистикалық байқаулармен қамтылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 10-бапта:

бірінші бөлікте "және Статистикалық жұмыстар жоспарын орындау мақсатында" деген сөздер алынып тасталсын;

үшінші абзацтағы "заңдарда белгіленген реттерде" деген сөздер "Статистикалық жұмыстар жоспарын орындау және Ұлттық санақ жүргізу мақсатында" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 11-баптың алтыншы абзацы "сұратылған ақпаратты" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Жеке және заңды тұлғалар құқықтарының кепілдіктері
Жеке және заңды тұлғаларға бастапқы статистикалық ақпараттың құпия болуына, Статистикалық жұмыстар жоспарына қол жеткізуге болатындығына кепілдік беріледі. Бастапқы статистикалық ақпаратты тарату тек қана ақпаратты берген жеке және заңды тұлғалардың келісімімен немесе аты-жөнін көрсетпей жүргізілуі мүмкін. Басқа мемлекеттік органдардан алынған жеке және заңды тұлғалар туралы ақпарат ақпаратты ұсынған мемлекеттік органдардың келісімімен ғана таратуға жатады. Бастапқы статистикалық ақпаратты таратудың өзге де жағдайлары:

мемлекеттік меншік нысанындағы немесе акциялардың бақыланатын пакеті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар туралы ақпаратқа;

Мемлекеттік статистикалық тізілімнен алынған құпия емес ақпаратқа қатысты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады."

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті